

ӘОЖ 82.01/09

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МИФОПОЭТИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІН ОҚЫТУ

Айдосқызы А.

*магистрант, Педагогикалық және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
Сүлейман Демирель атындағы университет, Алматы қ., Қазақстан*

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологияның орны мен мифопоэтикалық образдар жүйесі талданды. Мифопоэтикалық образдардың поэзияға кірігу себептері сараланды. Сонымен қатар, мақалада мифологияның зерттелу өзектілігі айтылды. Мақаланың мақсаты – қазіргі қазақ поэзиясындағы мифтік образдарды оқытудың әдіс-тәсілдерін, әдістемесін ұсыну. Нәтижелер бойынша пәнді оқыту үшін озық тәжірибелер алынды.

Кілт сөздер: аңыз, мифология, мифопоэтика, поэзия, оқыту әдістемесі.

Жаһандану дәуірі әр қадам сайын өзінің өзегін іздеген мәдениетті, әдебиетті тудырды. Халықтың, ұлттың рухани келбеті әдебиет деуге негіз бар. Өйткені әдебиеттен сол халықтың тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мінезін, шыққан дінгегін, ойымен мақсатын, дүниетанымын, т.б. тануға болады. Халықтың дүниетанымын тануға болатын арнаның бірі – мифология. Мифологияны негізге ала отырып жазылатын әдеби шығармалар - прозалық, поэзиялық шығармаларға қазіргі уақытта ғылыми танымның наза аударып отырғаныны байқауға болады. Себебі, мифтік таным адамзат дамуының негізгі қағидалары адамгершілік нормалары, діни наным-сенім, құқытық, қоғамдық сана, философияның қозғаушы күші екенін ғалымдар мойындап отыр.

Қазақ қоғамында мифтік элементтер алғаш рет Наурыз мерекесін тойлаған 1985-1990 жылдарда қайта орала бастады. Бұл үрдіс кейін әдеби шығармалардан да көрініс тапты. Адам баласы мифті ертегілерден, аңыз әңгімелерден, бертін келе, мультфильмдерден көріп, таныса бастады. Мифтік кейіпкерлердің де сонау ілкі заманнан бары халық ауыз әдебиетінен таныс. Қазақ мифологиясына қатысты С.Ақатай мынадай пікір білдірді: «Күні бүгінге дейін қазақ халқының ауыз әдебиетінің қазыналығын мойындағанмен, оның мифологиялық өзегіне зерде жүгіртуге тартыншақтық жасап келгенін жасыра алмаймыз. Осы қатынастың салдарынан қазақ мифтері мен мифологиялық категориялар алқасы «Әлем халықтарының мифтері» деген екі томдық жинаққа кірмеді. Кірген сөзтізбек ертегі персонаждарын ғана қамтиды. Мифология туралы сөз болса классикалық грек мифологиясы елес беріп, оның стереотиптері қазақ топырағында дөп жүргендіктен үзілген ой жалғасын таппай

қалды» [1, 10]. Философ-ғалым С.Ақатайдың пайымдауынша, Еуропа мына әлемді тануды мифтен бастаған. біз білетін Софокл, Гомер шығармаларының негізі осы мифологиядан құралғанын айтады.

Г.Т.Мүрсәлім "Бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындар" атты докторлық зерттеуінде: «мифологиялық сарындардың үрдісі қандай бағыттарда жалғасын тапты немесе мәтіндердің түрлену жолдары нені аңғартады?», - деген сауалдарға жауапты қазақтың ауызша әдебиетінде сақталған мифтік қаһармандардың бүгінгі ақындар поэзиясындағы авторлық идеялық позициясында қолданылу тұстарынан байқауға болатындығын аңғардық" деп пайымдайды [2, 18]. ХХІ ғасырда мифтік кейіпкерлердің поэзиямен бірге қайта оралуы қазақ ақындарының ой-өресін, шығармашылық қиялын шарықтатып, туындының көркемдік дәрежесін көтеретін деталь ретінде шебер қолдана алатындығын көрсетті.

Зерттеудің мақсаты жоғары мектепте "Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдар жүйесі" курсының оқытудың әдістемесі мен әдіс-тәсілдерін қарастыру болатын. Алдымен, мифопоэтика деген не? Қазақ мифологиясындағы мифтік образдардың жүйесі қандай деген сұраққа жауап бере кетейік. Мифопоэтика – қаламгерлер қайта жаңғыртқан фольклорлық көне миф сюжеттерін, архаикалық-мифологиялық элементтерді мәтінге енгізудің әртүрлі принциптерін қарастыратын теория. Мифтің поэтикасын зерттеу нысаны ретінде қарастырып «Миф және ХХ ғасыр» атты еңбек жазған орыс ғалымы Е.М. Мелетинский ежелгі классикалық мифтердің келесі ерекшеліктерін атап көрсетеді: «Қандай да бір заттың мәнін оның пайда болуымен байланыстыру, яғни заттың жаратылысын түсіндіру деген сөз – оның қалай пайда болғанын әңгімелеу, айналаны қоршаған дүниені сипаттау деген сөз – сол дүниенің пайда болу тарихын баяндау» [3, 251] Мифтің қазақ әдебиетіне кірігу процесін А.Найманбаев "Мәңгілік Ел" идеясымен байланыстырады [4]. Біздің ойымызша, автор қазіргі қазақ әдебиетіндегі мифопоэтикаға берген бағасы болу керек. Миф арқылы дінімізді, Киені, Тәңірді, Қасиетті, Рухты танимыз. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріледі екен. Тіпті осы Мәңгілік ел біздің түпсанамызда, бір кеңістікте тұрған атрибут десек болады. Мәңгілік деген сөздің өн бойында мифтік сарын бар деп есептейміз. Өйткені біздің білетініміз, ештеңе мәңгі емес, Жаратқаннан басқа. Мифопоэтика тек қана әдебиетте ғана емес, гуманитарлық ғылымдарда да қарқынды түрде дамып жатыр деуге болады.

Зерттеуде философиялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік еңбектерге шолу жасау, озық тәжірибелерді жинақтау әдісі қолданылды.

Мифологияның қазақ әдебиетіне кірігу процесін әдебиеттанушылар жан-жақты зерттеп жүр. Атап айтсақ, А.Мәуленов «Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі», Г.Шаинова «Р.Сейсенбаев прозасындағы мифологизм», А.Н.Ғалиева «Қазіргі әдеби процесс және

мифопоэтика», Л.Мұсаұлы «Символ және оның көркемдік қызметі», Г.Пірәлиева «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері», А.Жақсылықов «Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұнды шығармалардағы әуен, идея және образдар (типология, эстетика, генезис), Ж.Ә.Аймұхамбетова "Мифтің поэтикалық қызметі", Г.О.Мүрсәлім "Бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындар", А.А.Найманбаев "Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі" атты еңбектерде миф пен аңыз, прозадағы мифологизм, поэзиядағы мифтік сарындар, оны оқыту әдістемесіне қатысты тұшымды ойлар айтылып, озық тәжірибелер жасалды.

Аталмыш зерттеулер қазақ әдебиеттануында жаңа бағыттың - мифологияның даму тенденциясын аңғартады. Ұмыт қалған мифтік кейіпкерлердің жаңғыруы рухани жаңғырудың бір тармағы десек болады. Мифопоэтиканы оқыту студенттердің білімін арттырып, дәстүр сабақтастығын ұғынуға сеп болады. Сонымен қатар, мифтік образдар жүйесін танып өскен ұрпаққа отансүйгіштік, елін-жерін сүюге үйретеді. Дидактиканың маңызды мәселелерінің бірі – оқыту әдістемесі теориялық тұрғыдан да, тікелей практикалық тұрғыдан да өзекті болып қала береді. Оның шешіміне қарай оқу процесінің өзі, оқытушы мен студенттердің іс-әрекеті, демек, жалпы жоғары оқу орнындағы білімнің нәтижесі болып табылады.

Әр қаламгердің жеке қолтаңбасын айшықтап, өзіндік стилін айқындау – оның көркемдік ізденістерін танытудың бір жолы деп айта аламыз. Ғалым Т.Ақшолақов: «Әр жазушының шығармасындағы көркемдік компоненттерді тани отырып, стильдік ерекшеліктерін анықтаймыз. Әр автордың өзіндік суреттеу стилі, сөз саптауы болады. Бұл жазушының барлық шығармаларында көрініс тапқан. Осы сурет және кескіндеме әдістері арқылы біз суретшілердің көркемдік даралығын танимыз. Сондықтан шығарманың көркемдік құрамдас бөліктерін беру авторлық стильді танытудың бірден-бір жолы деп білеміз» [5, 174], – дейді.

Бұған қосарымыз шығарманың көркем компоненттерін таныту үшін авторларымыздың шығарманың өн бойына тасалаған көркем деталіне, тіліне, образ беру тәсілі мен шығармадағы композициялық қисындарға қарап қаламгердің даралық ерекшелігі мен қазіргі қазақ прозасындағы өзге қаламгерлермен ұқсастығын зерделеу маңызды. Сол арқылы қазіргі қазақ поэзиясындағы мифтік сарындарды танытудың да мүмкіндіктеріне жолашылады.

«Әдеби шеңбер» тәсілі бойынша әр шағын топшаға әдеби мәтіндерді ұсына отырып талқылауға болады Мәселен, төрт шағын топқа тиісті рөлдер ұсынып, бір шығарманы немесе төрт топқа төрт түрлі шағын поэзиялық жанрдағы шығарманы ұсынамыз. Мәселен, Р.Нүрпейісовтің «Ақ бұғы және аңшы», М.Айтқожинаның ғашықтардың аққуға айналуы жайлы поэзиялық туындылары, М.Мақатаевтың «Өмір сүрейік алмасып» өлеңі, К.Ахметованың

«Келіншектау» поэмасы. Бөлінген топтардың студенттеріне рөлдер бойынша «Зерттеушілер», «Байланыстырушылар», «Дәйектеушілер», «Қорытындылаушылар» деп белгіленген тапсырмалар ұсынылды.

1.«Зерттеушілер» тобына бұл шығармалардың идеялық мазмұны мен композициялық құрылымын, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, баяндау мәнерін зерделеу, көркемдік әдістің ерекшеліктерін көрсету тапсырылды.

2. «Байланыстырушылар» тобына берілген тапсырма: барлық шығармалардағы ортақ белгілерді, баяндау тілі, сөздік образдар мен суреттеу тәсілдерін, әр жазушының дара стилін айқындайтын образ жасау ерекшеліктерін көрсету, салыстыру тапсырылады. Бұл ретте барлық шығармалардың ортақ белгілерін келтіру арқылы дәлелдеуге басымдық беріледі.

3. «Дәйектеушілер» тобындағы студенттерге өз тобына берілген поэзиялық туындылардағы тақырыптық, идеялық, композициялық-құрылымдық ерекшеліктеріне талдау тапсырылады. Сонымен қатар көркемдік тәсіл, стиль ерекшеліктерін танытатын дәйектемелерді жинақтау тапсырылады. Дәйектемелерді өз тобымен ақылдаса отырып, негізгі қорғайтын идеяларын нақтылайды.

4. Соңына қарай, «Қорытындылаушылар» тобы қазіргі қазақ поэзиялық хикаяттарындағы мифтік кейіпкерлерінің ерекшеліктерін, тақырып ізденістерін, шынайылығын, өмірмен байланысын, бүгінгі күннің рухын танытудағы ізденістерін, көркемдік тәсілдерін зерттей отырып, қорытындылайды.

Қазіргі қазақ поэзиясының бір бөлігі көрсетілген баяндау жанрындағы шығармалардың тілдік ерекшеліктеріне талдау жасау авторлардың дара ерекшеліктерін ашып қана қоймай, қазіргі көркемдік ізденіс сипатын бағалауға да қызмет етеді. Көркем әдебиеттің тілдік ерекшеліктерін талдауға арналған келесі тапсырма – «Қазына іздеу». Бұл тапсырманың негізгі мақсаты – салт-дәстүр, көркемдік әдіс-тәсілдер, басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер, тілдік тіркестер мен фразеологиялық айналымдар, сөздік бейнелердің ерекшеліктері сияқты бірқатар тілдік-семантикалық құралдарға тоқталу. «Қазына іздеу» арқылы студенттердің тек білу, түсіну немесе ойлау деңгейінде орындайтын тапсырмалар ғана емес, талдау, жинақтау, қолдану, бағалау деңгейін меңгеруге мән беріледі [6].

Тәжірибелік сабақтарды қазіргі қазақ хикаяттарындағы фольклорлық сарындар мен неомифологизмдерді талдауға арнаймыз. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мифтік образдар мен мотивтердің көрінісін талдау көркемдік ізденіс сипатын ашып қана қоймай, қазіргі өнер түрлері үшін де өзекті екенін байқауға болады. Шығарманы басынан аяғына дейін талдаудың тиімді әдістерінің бірі ретінде «Ойлау картасын» қолданамыз. Ол үшін білім алушыларды бірнеше топқа бөліп, әр топқа оқиғаны толық аша алатын «ойлау картасы» арқылы тапсырмалар береміз.

Бірінші топқа шығарманың қай бағытта жазылғанын анықтау тапсырылады. Хикаяттың барысын анықтау үшін біз бірнеше критерийлер қойдық:

- шығармадағы әлеуметтік шындықтың көрінісін анықтау;
- ащы шындықтың пародиялануын қарастыру;
- хикаятта аңыз бен реалды өмірдің аражігін ажырату, ұштасатын тұстарын белгілеу.

Одан кейінгі топ кейіпкер болмысын айқындайтын заттық детальдарды тауып, сипаттайды. Үшінші топқа кейіпкердің мифологиялық образбен кездесетін көріністегі психологиялық күйін, шығарманың идеялық мазмұнын анықтау беріледі.

Төртінші топ шығарманың композициялық құрылымын жіктейді.

Бесінші топқа шығармадағы уақыт пен кеңістік, оның бөлігі мен тұтас ауқымындағы автордың дйттеген ойына қызметін айқындау тапсырылады.

Алтыншы топқа сюжет желісіндегі кейіпкердің басқа адамға ауысуы себебін анықтау беріледі.

Жетінші тапсырмада мифологиялық образдар мен мотивтердің көрінісін табуы беріледі.

Сегізінші топқа шығарманың өзге туындылармен сюжет, идея, көркемдік тәсіл тұрғысынан сабақтастығын анықтау тапсырылды.

Тоғызыншы топқа автордың баяндау тілін анықтау тапсырылады.

Бұл әдіс оқушылар топта бірін-бірі тыңдай отырып жұмыс істегенде ұзын немесе қысқа қағаздарды талдау кезінде тиімді. Нәтижесінде бір сабақ аясында тақырыпты жан-жақты түсінуге жол ашылады[7].

Расында, практикалық сабақтарда студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін дұрыс жолға бағыттайтын дидактикалық тапсырмалар мен сұрақтар бар десек қателеспейміз. Сұрақ-тапсырма берілгендіктен жұмыстың ізденіс бағыты соған қарай түзіледі. Осы орайда сұрақ қоюдың маңызы жоғары. Дұрыс сұрақ қоя білу үлкен ізденіске жетелейді. Біз ұйымдастырған әдістемелік зерттеу жұмысын дадидактикалық мәселелер мен тапсырмаларға ерекше көңіл бөлінді. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген дидактикалық тапсырмалар кешенінің өзі білім алушыларды ақыл-ой әрекетіне, шығармашылық жұмысқа жетелейді. Білім алушының оқу материалын білім деңгейінде ғана игеріп қоймай, эмоциясына әсер етерлік, терең зерделеп сезіне аларлық әдіс-тәсілдердің де маңыздылығына дәйек болады. Көркем шығарманың танымдық, дамытушылық маңыздылығымен қоса, эстетикалық, эмоциялық әсері де арта түседі. Осы ерекшелікке байланысты оқуда эмпатикалық диалог құру өте маңызды. Рөлдік ойындардың бұл тізбегінде кезектесіп ойнау маңызды.

«Автормен сұқбат», «Кейіпкермен сұқбат» әдістері студенттердің көркем шығарманы терең әрі жан-жақты талдай алуына, түсіне отырып, түйсіне отырып оқуына ықпал етеді. Мәселен кейіпкерлердің психологиялық көңіл-күйін сезіну мен іс-әрекеті үшін аталған кейіпкерлердің ішкіжан-дүниесін

сараптауға арналған сұрақтар түзіледі. Алдымен сөз журналистерге беріледі. Басқа студенттерден тақырыптан ауытқымай, автор контексінде айтар ойлары сұралады. Осылайша біз әңгімелесіп отырған кейіпкерлеріміз шығарманың жандүниесін сезініп, оқиғаның ситуациялық және негізгі психологиялық күйін бастан кешіреді.

Осы сұрақтарға шығарманы барынша сіңіріп, автордың жағдайын зерттей отырып жауап берсеңіз, нәтижелі болмақ. Өйткені ақындар негізгі ойды мифологиялық образдар мен мотивтер арқылы жақсы жеткізген. Бұл жерде талдау сабақтарының мақсаты – жасырын ойлар мен пікірлерді контексте ұтымды әдістермен зерттеуді үйрену. Бұл тек бұрынғы фольклорда ғана емес, әр түрлі тақырыпта қалам тербеген ақындардың шығармаларында басты кейіпкерлерін адам мен ат, адам мен елік, адам мен үйрек, адам мен жылан етіп, сол арқылы сәйкес ойды енгізгендер де бар. Осыған ұқсас мотивтер мен бейнелерді жинаудың тиімді жолы кластер құру болып табылады.

Кластер өз кезегінде талданған ойларды жинақтауға көмектеседі. Ұсынылатын тапсырмалар:

– суреттегі шығармаларға сәйкес уақыт пен кеңістіктің сыртқы түрін анықтау;

– кейіпкердің жеке өмірі қалай бейнеленгенін анықтау;

– шығармада кейіпкердің табиғатпен жақындығы қалай көрінеді?

Дәйектеме келтіру.

Осы үш көрсеткішке сүйене отырып, кластер құруға және белгілердің қаншалықты жақын екенін түсінуге болады. Авторлардың ойлары бір бағытта тоғысатынын түсіну қиын емес. Өйткені, бейнелері әртүрлі болғанымен, автордан алған мотив көбіне бір.

Тақырыпты ашудың тағы бір тәсілі – «Фишбоун». Бұл әдіс мәтіндік талдаудың бірнеше саласының жұмысын топтастыру және қорытындылау үшін тиімді. Тақырыптық және проблемалық талдауға, шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымын саралауға, көркемдік тәсілдерді саралауға ыңғайлы. Мәселен «Автор келіншек образы арқылы қандай өмір шындығын жазғысы келді?» деген проблемалық сұрағымызды қоямыз (К.Ахметованың «Келіншектау» поэмасы). Студенттер себеп пен салдарды осы тезис мәтінімен бірге қарастырады. Нәтижесінде қаңқаның соңына қорытынды жазылады. Студенттер тезистік жұмысты дәлелді түрде сипаттай алса, тақырып ашыла түседі [8].

«Қолжазба күнделігі» де көркем мәтінді талдап, түсінуде маңызды рөл атқара алады. Екі бөлікке бөлінген журналды пайдалана отырып, студенттер сол жақтағы мәтіннен тірек сөздер мен үзінділер алады, ал оң жағына түсініктемелер жазады. Бірқатар студенттер мәтінді кезектесіп талдайды. Осы арқылы олардың қаншалықты түсінгенін білуге болады. Студенттердің ақыл-ой қабілеттерін және олардың бір-бірінен қашықтығын анықтауға мүмкіндік

береді. Себебі, кейбір студенттер күрделі терминдерді қолданып, күрделі түсініктемелер жасай отырып, шеберліктерін көрсете алады.

Көркемдік әдіс жағынан ұқсас келетін шығармаларды салыстыра талдау көркемдік тәсілдерді меңгеруге көмектеседі әрі студенттердің есте сақтауын жақсартуға болады. Екі шығарманың басты кейіпкерлерін «Венн диаграммасы» арқылы салыстыру, олардың айырмашылығын екі шеңберге түсіру, ұқсастықтарын қорытындылау тапсырылды. Ендеше, қазақ поэзиясының қазіргі кезеңдегі даму арналарын ақындардың белгілі шығармалары арқылы қарастырып, тақырыбына, ізденістеріне, көркемдік арналарына, тілі мен стиліне назар аударта аламыз.

Қорыта келе, мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы мифологияның орнын бағамдадық. Миф пен поэзия әу бастан бірге екенін түсіндік. Ж.Әскербекқызы айтпақшы, "миф-ежелгі поэзия". Авторлардың еңбек жолын, өмірбаянын тыңдай отырып, оның шығармашылығындағы мифтік сарынның үні қайдан шығып жатқанынын білуге болады. Мифологияны зерттейтін әрі ақын, әрі ғалым адамның айтпақ болған ойы, әлбетте мифпен ұштасып жатады[9]. Жоғары мектепте мифопоэтиканы оқытудың өзектілігі дәйектелді. Өйткені мифтің танымдық рөлі артты. Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық образдар жүйесін оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері берілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру мен оқытудың тиімді жолдары сараланды. Студенттермен жұмыс кезінде шығармаларды талдау, мағынасын түсіну бағытындағы әдіс-тәсілдер алынды. Өйткені, өлең талдауға келгенде білім алушылардың көсіліп сөйлеп кете алмайтынын байқалады. Ақындардың идеясы мен шығарманың арқалап тұрған жүгін дөп басып айта алмай, ақынның сөздерін тура мағынасында қабылдап, таяз ой-пікір білдіру кездеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақатай С.Н. Күн мен көлеңке. Тарихи материалдар: ғылыми-танымдық аңсар /С.Н.Ақатай; құраст. Ш.Р. Жақыпова. - Қайта басылған. - Алматы: Print Express, 2011. - 419 б.

2. Мүрсәлім Г.О. Бүгінгі поэзиядағы мифтік сарындар: PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Семей, 2021 - 136 бет.

3. Мелетинский Е.М. Мифологический словарь. Москва: «Советская Энциклопедия», 1981. -547 с.

4. Найманбаев А.А. Жоғары мектепте қазіргі қазақ повестеріндегі мифтік сарындарды оқыту әдістемесі: PhD докторы дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.Алматы, 2022.-169 бет.

5. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994 ж.-196 б.

6. Әлімов А.Қ. Интербелсенді әдістерді ЖОО-да қолдану: Оқу құралы.- Алматы, 2009. - 163б.
7. Тарази Ә., Мұсалы Л. Көркемдік құпиясы. - Алматы: Санат, 2000-240 б.
8. Айтмұхамбет Ж.Ә. Миф. Мифология. Мифопоэтика. Монография. Өңделіп толықтырылған екінші басылымы. - Алматы: «Эверо», 2017 ж.
9. Әскербекқызы Ж. Миф – о – поэзия [Мәтін] : өлеңдер, поэма, аудармалар / Жанат Әскербекқызы; [Мұқабада ноғай сурет. ред. Ғұсман Жандыбаев].- Алматы: Жазушы, 2022.-192б .- (Жаңа қазақ әдебиеті).

ОБУЧЕНИЕ СИСТЕМЕ МИФОПОЭТИЧЕСКИХ ОБРАЗОВ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Айдосқызы А.

В статье проанализировано место мифологии и система мифопоэтических образов в современной казахской поэзии. Были проанализированы причины интеграции мифопоэтических образов в поэзию. Кроме того, в статье подчеркивается актуальность изучения мифологии. Цель статьи – предложить методы и приемы обучения мифическим образам в современной казахской поэзии. По полученным результатам получен передовой опыт преподавания дисциплины.

Ключевые слова: легенда, мифология, мифопоэтика, поэзия, методика обучения

TEACHING THE SYSTEM OF MYTHOPOEIC IMAGES IN MODERN KAZAKH POETRY

Aidoskyzy A.

The article analyzes the place of mythology and the system of mythopoetic images in modern Kazakh poetry. The reasons for the integration of mythopoetic images into poetry were analyzed. In addition, the article emphasizes the relevance of the study of mythology. The purpose of the article is to offer methods and techniques of teaching mythical images in modern Kazakh poetry. Based on the results obtained, advanced experience in teaching the discipline was obtained.

Keywords: legend, mythology, mythopoetics, poetry, teaching methods

REFERENCES

1. Akatai S.N. Sun and shadow. Historical material: scientific and cognitive Ansar /S. N. Akatai; comp. Sh. R. Zhakupova. - Reprinted. - Almaty: Print Express, 2011. – 419 p. [in Kazakh]
2. Mursalim G.O. Mythical motifs in modern poetry: dissertation prepared for the degree of doctor of philosophy. Semey, 2021. – 136 p. [in Kazakh]
3. Meletinsky E.M. Mythological Dictionary. Moscow: “Soviet Encyclopedia”, 1981. - 547 p. [in Kazakh]
4. Naimanbaev A.A. Methodology of teaching mythical motifs in modern Kazakh novels in Higher School: dissertation prepared for the degree of Doctor of PhD. Almaty, 2022. - 169 p. [in Kazakh]
5. Akshulakov T. Artistic design of the work. Almaty, 1994.-196 p. [in Kazakh]
6. Alimov A.K. Application of interactive methods in higher education: textbook.- Almaty, 2009. - 163 p. [in Kazakh]
7. Tarazi A., Musaly I. Artistic mystery. - Almaty: Sanat, 2000-240 p. [in Kazakh]
8. Aitmukhambet J.A. Myth. Mythology. Mythopoetics. Monograph. Edited and supplemented second edition. - Almaty: “Evero”, 2017. [in Kazakh]
9. Askerbekovna Zh. Myth - o-poetry [text] : poems, poems, translations / Zhanat Askerbekovna; [Nogai drawing on the cover. ed. Gusman Zhandybaev].- Almaty: writer, 2022. - 192 P.- (New Kazakh literature). [in Kazakh]